

Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын тапсыру, қабылдау және сақтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрайымының 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 1-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4073. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 14 қазандағы N 279 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2010.10.14 N 279 (ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылы 28 қазандағы N 1120 қаулысымен бекітілген Зияткерлік меншік құқығы комитеті туралы ереженің 4-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын тапсыру, қабылдау және сақтау ережесі бекітілсін.

2. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасы осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрайымының орынбасары Б. Қ. Әлиғожинға жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Төрайым

Қазақстан	Республикасы	
Әділет	министрлігінің	Зияткерлік
меншік	құқығы	комитеті
2006	жылғы	30 қаңтардағы
N 1 - НҚ	бұйрығымен	
БЕКІТІЛГЕН		

**Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын тапсыру,
қабылдау және сақтау
ЕРЕЖЕСІ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңына сәйкес (бұдан әрі - Заң) жасалған, жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын тапсыру, қабылдау және сақтау тәртібін реттейді және белгілейді.

2. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) автор - шығармашылық еңбегімен туынды жасаған жеке тұлға;
- 2) авторлық құқық - автордың мүлдітік және мүлдітік емес жеке құқықтары;
- 3) жариялау - автордың не авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілеріне өзге құқық иеленушінің келісімімен туындының немесе фонограмманың даналарын көпшіліктің орынды қажеттіліктерін қанағаттандыратын мөлшерде меншік құқығын не туындының немесе фонограмманың данасын иелену құқығын сату, прокатқа тапсыру немесе өзгедей беру арқылы көпшілікке ұсыну;
- 4) туынды шығарма - басқа туындыны шығармашылықпен өңдеу нәтижесінде ж а с а л ғ а н т у ы н д ы ;
- 5) қолжазба - қолмен жазылған немесе жазу машинкасында, дербес компьютерде қайта жазылған түпнұсқа немесе мәтіннің көшірмесі;
- 6) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге а с ы р а т ы н м е м л е к е т т і к о р г а н ;
- 7) туындының данасы - туындының кез келген материалдық нысанда дайындалған көшірмесі.

**2-тарау. Қолжазбаларды тапсыру және
қабылдау тәртібі**

3. Сақтауға жарияланбаған туындылардың қолжазбалары, сондай-ақ туынды шығармалардың (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндемелер, шолулар және ғылыми, әдеби және өнер туындыларының басқа да өңдеулері), сондай-ақ жинақтардың (энциклопедиялар, антологиялар, дерекқорлар) және материалдарды іріктеп алу және (немесе) орналасуы бойынша шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын басқа да құрамдас туындылардың қолжазбалары қабылданады.

4. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын қабылдауды және сақтауды уәкілетті орган бойынша (осы Ережеге 1-қосымша) автордың немесе авторлардың өтініші негізінде жүзеге асырылады. Егер шығарма туынды болса, пайдаланылған шығарма авторының тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет.

5. Құжаттарды сенім білдірілген тұлға арқылы тапсыру кезінде:

1) автордың заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған сенімхаты;

2) сенім білдірілген өкілдің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылады.

6. Сақтауға ұсынылатын құжаттар нөмірленуі, тігілуі және автордың қолымен бекітілуі қажет.

7. Қолжазба тапсырған адамға қолжазбаның қабылданған күні, автордың тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжаттағы мәліметтері, туындының атауы, нысаны немесе жанры, оның төлтумалық дәрежесі (төлтума немесе туынды) көрсетілген анықтама беріледі.

3-тарау. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтау

8. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтау кезінде қолжазбаның маңыздылығын білдіретін белгілері мен қасиеттерін сақтауды қамтамасыз ететін шаралар қабылданады.

9. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтау үшін уәкілетті органда сөрелері, темір есік пен тор терезе, күзеті бар және өртке қарсы белгі беру орнатылған арнайы бөлме жабдықталады. Осындай бөлме болмаған жағдайда арнайы қойма (темір шкаф және т.б.) бөлінеді.

10. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға бірінші басшының бұйрығымен тағайындалған уәкілетті органның қызметкері жауапты бо л ы п т а б ы л а д ы .

Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға арналған бөлмеге кіру, оларды сақтауға және есепке алуға жауапты тұлғаның қатысуымен ғана мүмкін болады, ол (немесе алмастыратын қызметкер) болмаған жағдайда, бөлмеге тек кемінде үш қызметкер болған кезде және осы ғимараттың кілтінің

телнұсқасы бар уәкілетті орган басшысының рұқсатымен және қатысуымен кіруге болады. Осындай жағдайларда екі данада акт жасалады, онда бөлмеден (қоймадан) қандай себептермен қандай қолжазбалар алынғаны немесе қойылғандығы көрсетіледі. Актінің бірінші данасы жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын есепке алу кітабына тиісті мәліметтер енгізу үшін сақтауға жауапты адамға, ал екіншісі қолжазбаны сұратқан адамға тапсырылады.

11. Жарияланбаған туындылардың қолжазбалары өтініш негізінде авторға және құқық иеленушіге, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

4-тарау. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын есепке алу

12. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын есепке алу үшін уәкілетті органда қоса берілген нысан бойынша (осы Ережеге 2, 3-қосымшалар) кітап жүргізіледі, ол жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға және тіркеуге жауапты адамда болады. Кітапты жүргізу қатаң есептілік құжаттарды жүргізу ережесі бойынша жүзеге асырылады.

Кітаптың әрбір беті нөмірленеді, кітап мөр басылып, бірінші басшының қолымен бекітіліп тігіледі.

Сақтауға қабылданған қолжазбалардың электронды деректер базасы қосымша құрылуы мүмкін.

13. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын есепке алу кітабына жазба жасауды жарияланбаған қолжазбаларын сақтауға және есепке алуға жауапты тұла туындыларды жүргізеді.

14. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға және есепке алуға жауапты тұлға есепке алу кітабына тіркеу кезінде қабылданатын жазбалардың заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді.

15. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын жазба кітабына тіркеу хронологиялық тәртіппен жүргізіледі, әрбір қолжазба жеке жазылады, бұл ретте әрбір қолжазбаға реттік нөмір беріледі.

16. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға және есепке алуға жауапты адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде қолжазбалардың сақталуына жауапкершілік алады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік
құқығы комитеті төрайымының
2006 жылғы 30 қаңтардағы N 1-нқ

бұйрығымен бекітілген
Ережеге 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік құқығы
комитетінің төрағасына

мекен-жайы бойынша тұратын

тел. _____

(төлқұжат деректері

ӨТІНІШ

Мен (Біз) _____

(автордың(лардың) тегі, аты, әкесінің аты)

мен (біз) _____ жасаған

(ж а с а л ғ а н к ү н і)

_____ атаулы

_____ (зияткерлік меншік объектісінің түрі)
жалғыз авторы (авторлары) болып табылатынымды(ымызды) растаймын(мыз)
және осы туындының қолжазбасын Зияткерлік меншік
құқығы комитетінде сақтауға қабылдауды сұраймын(мыз).

Сондай-ақ, осы туынды ешқайда жарияланбағанын осымен
р а с т а й м ы н (м ы з) .

Өтінішке: 1. _____

2. _____

3. _____

_____ қосымша беріледі

200__ ж "_____" _____

(автордың(лардың) қолы)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік
құқығы комитеті төрайымының
2006 жылғы 30 қаңтардағы N 1-нқ
бұйрығымен бекітілген

Ережеге 2-қосымша

**Жарияланбаған туындыларын қолжазбаларын есепке
алу кітабы**

N	Тіркелген күні	Қолжаз- баның атауы	Автордың тегі, аты, әкесінің аты	Құқық- иеленуші	Жауапты лауазым- ды тұл- ғалардың қолы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Зияткерлік меншік
құқығы комитеті төрайымының
2006 жылы 30 қаңтардағы N 1-нқ
бұйрығымен бекітілген

Ережеге 3-қосымша

**Жарияланбаған туындылар қолжазбаларының түсуін
және тапсырылуын есепке алу кітабы**

N	Түс- кен күні	Қол- жаз- ба- ның атауы	Ав- тор- дың тегі, аты, әке- сінің аты	Құқық иеле- нуші	Қолжаз- балар қайда және негіз- деліп жібе- ріледі	Қолжаз- баны қабыл- даған адам- ның лауа- зымы және тегі	Алын- ған күні және алын- ғаны тура- лы қолы, меке- - менің мөрта- баны	Қолжаз- балар- дағы қайта- рылған, беріл- ген адамның тегі, аты, әкесі- нің аты	Ескер- ту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10